

"Маманды жұмысқа жіберу, өз бетімен жұмысқа орналасу құқығын беру, квота шегінде педагогтік, медициналық және ветеринариялық мамандықтар бойынша оқуға түскен ауыл (село) жастары қатарынан шыққан азаматтардың, сондай-ақ мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде педагогтік және медициналық мамандықтар (бакалавриат, интернатура, резидентура, магистратура) бойынша және философия докторлары (PhD) бағдарламасы бойынша докторантуралық оқуға түскен білім алушы азаматтардың жұмысты өтеуі жөніндегі міндеттен босату немесе міндетті тоқтату қағидаларын бекіту және "Білім беру грантын беру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы № 58 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 наурыздағы № 390 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы № 289 қаулысы

РҚДО-ның ескертпесі!
қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. «Маманды жұмысқа жіберу, өз бетімен жұмысқа орналасу құқығын беру, квота шегінде педагогтік, медициналық және ветеринариялық мамандықтар бойынша оқуға түскен ауыл (село) жастары қатарынан шыққан азаматтардың, сондай-ақ мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде педагогтік және медициналық мамандықтар (бакалавриат, интернатура, резидентура, магистратура) бойынша және философия докторлары (PhD) бағдарламасы бойынша докторантуралық оқуға түскен білім алушы азаматтардың жұмысты өтеуі жөніндегі міндеттен босату немесе міндетті тоқтату қағидаларын бекіту және «Білім беру грантын беру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы № 58 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2012 ж., № 40, 531-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Маманды жұмысқа жіберу, өз бетімен жұмысқа орналасу құқығын беру, мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алған азаматтарды жұмысын өтеу жөніндегі міндетінен босату немесе олардың міндетін тоқтату қағидаларын бекіту және «Білім беру грантын беру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы № 58 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қоса беріліп отырған Маманды жұмысқа жіберу, өз бетімен жұмысқа орналасу құқығын беру, мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алған азаматтарды жұмысын өтеу жөніндегі міндетінен босату немесе олардың міндетін тоқтату қағидалары бекітілсін.»;

көрсетілген қаулемен бекітілген Маманды жұмысқа жіберу, өз бетімен жұмысқа орналасу құқығын беру, квота шегінде педагогтік, медициналық және ветеринариялық мамандықтар бойынша оқуға түскен ауыл (село) жастары қатарынан шыққан азаматтардың, сондай-ақ мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде педагогтік және медициналық мамандықтар (бакалавриат) бойынша және философия докторлары (PhD) бағдарламасы бойынша докторантуралық оқуға түскен білім алушы азаматтардың жұмысты өтеу жөніндегі міндеттен босату немесе міндетті тоқтату қағидаларында (бұдан әрі - Қағидалар):

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Маманды жұмысқа жіберу, өз бетімен жұмысқа орналасу құқығын беру, мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алған азаматтарды жұмысын өтеу жөніндегі міндетінен босату немесе олардың міндетін тоқтату қағидалары»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы Маманды жұмысқа жіберу, өз бетімен жұмысқа орналасу құқығын беру, мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алған азаматтарды жұмысын өтеу жөніндегі міндетінен босату немесе олардың міндетін тоқтату қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 4-бабының 22-2) тармақшасына сәйкес әзірленді және маманды жұмысқа жіберу, өз бетімен жұмысқа орналасу құқығын беру, мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алған, осы Заңының 47-бабының 17-тармағында көрсетілген азаматтарды жұмысын өтеу жөніндегі міндетінен босату немесе олардың міндетін тоқтату тәртібін айқындауды.»;

2-тармақта:

2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) жас маман – мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде жоғары және жоғары оқу орыннан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша білім алған азамат;»;

3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) философия докторы (PhD) – Қазақстан Республикасында немесе одан тысқары жерлерде ғылыми-педагогикалық бағыт бойынша докторантуралың бағдарламасын менгерген және диссертация қорғаған адамдарға берілетін, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен танылған дәреже.»;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Педагогтік, медициналық және ветеринариялық мамандықтар бойынша ауыл жастары қатарынан шыққан азаматтарға берілетін квота шегінде оқуға түсken азаматтар жоғары оқу орнын (бұдан әрі - ЖОО) бітіргеннен кейін кемінде үш жыл ауылда, кентте, ауылдық округте (бұдан әрі - ауылдық жер) орналасқан тиісті мемлекеттік білім беру үйымдарында, мемлекеттік денсаулық сақтау үйымдарында, ветеринария саласында қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың бөлімшелерінде немесе мемлекеттік ветеринариялық үйымдарда жұмысты өтейді.»;

мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

«3-1. Педагогтік, техникалық және ауыл шаруашылығы мамандықтары бойынша квота шегінде оқуға түсken ауыл жастары қатарынан шыққан азаматтары жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін оқыған жері бойынша өңірде кемінде үш жыл жұмысты өтейді.»;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Педагогтік және медициналық мамандықтар бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде оқуға түсken Қазақстан Республикасының азаматтары ЖОО-ны бітіргеннен кейін мемлекеттік білім беру үйымдары мен мемлекеттік денсаулық сақтау үйымдарында кемінде үш жыл жұмысты өтейді.»;

мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

«4-1. Басқа мамандықтар бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алған азаматтары ЖОО-ны бітіргеннен кейін кемінде үш жыл меншік нысанына қарамастан үйымдарда жұмысты өтейді.»;

8, 9 және 10-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Жас мамандарды жұмысқа бөлу және жіберу мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) ЖОО-лар жыл сайын түлектердің санын, тұрғылықты жерлерін, алған мамандықтары мен оқу тілін көрсете отырып:

ауыл жастары қатарындағы азаматтарға ұсынылатын квота шегінде;

мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде оқуға түсken ағымдағы жылдың түлектерді кейіннен жұмысқа орналастыру үшін бос жұмыс орындарын ұсынуға облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарына жібереді.

2) облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары ЖОО-лардың ұсынған өтінімдеріне сәйкес ЖОО-ларға:

ауылдық жерде орналасқан мемлекеттік білім беру үйымдарында, мемлекеттік денсаулық сақтау үйымдарында, ветеринария саласында қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың бөлімшелерінде не мемлекеттік ветеринариялық үйымдарда;

мемлекеттік білім беру үйымдарында және мемлекеттік медициналық үйымдарда;
меншік нысанына қарамастан үйымдарда кадрларға қажеттілік туралы тоқсан сайын ақпарат береді;

3) ЖОО-лар облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары ұсынған ақпаратқа сәйкес жас мамандарды жұмысқа орналастыру мақсатында олардың бос орынның сақталуы туралы кепілдік беретін әлеуетті жұмыс берушілерімен тікелей өзара іс-қимыл жасайды;

4) ЖОО-ларда жас мамандарды жұмысқа дербес бөлу жөніндегі комиссия құрылады.

9. Жас мамандарды бөлу жас маманың алдағы уақытта жұмысқа орналасатындығы және ол жұмыс орнына келгенге дейін бос орынның сақталатындығы туралы жұмыс берушінің қолдаухаты негізінде жүзеге асырылады.

10. Ағымдағы жылы оқуын бітірген жас мамандар 1 қыркүйектен кешіктірмей жұмыс орнына жолдама бойынша келеді.»;

12-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) жұбайы бос жұмыс орнын ұсынған елді мекенде тұратын, жұмыс істейтін немесе қызметін өтеп жатқан адамдарға;»;

16-тармақтың екінші бөлігі алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 17-1-тармақпен толықтырылсын:

«17-1. Жас мамандарды және философия докторларын (PhD) бөлген сәтке бос жұмыс орындары жоқ болған жағдайда, жұмысты өтеу мерзімінде жұмыссыз ретінде есепте болған уақытты есептей отырып, тұрғылықты жері бойынша жұмыссыз ретінде есепке қоюға жатады.»;

20, 21 және 22-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«20. Бірнеше жас маманды және философия докторларын (PhD) бір бос жұмыс орнына жіберуді болдырмай мақсатында Бөлу жөніндегі комиссиялар құрылған тиісті ЖОО-лардың жұмысқа жіберілген жас мамандардың және философия докторларының (PhD) алдын ала тізімдерін жыл сайын 1 наурыздан кешіктірмей білім беру саласындағы үәкілетті органға жіберуі арқылы оларды алдын ала бөлу жүзеге асырылады. Мұндай фактілер анықталған жағдайда жас мамандарды және философия докторларын (PhD) бөлу білім беру саласындағы үәкілетті органмен келісуден кейін жүргізіледі, бұл ретте оқу үлгерімінің орташа балы және ЖОО-лардың орналасқан жерінің болжамды бөлу орнына жақындығы назарға алынады.

21. Жас мамандарды және/немесе философия докторларын (PhD) дербес бөлу тиісті Бөлу жөніндегі комиссияның шешімімен жыл сайын 1 шілдеден кешіктірмей ресімделеді, соның негізінде ЖОО-лар осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша жұмысқа жолдамаларды дайындаиды. Бұл ретте, мамандарды және философия докторларын (PhD) олардың жұмысқа бөлінуі туралы хабардар етуді жұмысқа жолдамалар беру арқылы шешім қабылданған сәттен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей ЖОО-лар жүзеге асырады.

22. Заңда және осы Қағидаларда көзделген жағдайларды қоспағанда, Заңмен көзделген жұмысты өтеу жөніндегі міндеттін орындағаны үшін жас маман және философия докторы (PhD) оны оқытумен байланысты бюджет қаражаты есебінен жұмсалған шығыстарды білім беру саласындағы үәкілетті органның сенім білдірілген агенті арқылы бюджетке өтейді.

27-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) жұбайы (зайыбы) тұратын, жұмыс істейтін немесе қызметін өтеп жатқан елді мекенде бос жұмыс орны болмаған жағдайда адамдар;».

2. Осы қауулы, 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін осы қаулының 1-тармағының екінші, үшінші, төртінші, бесінші, жетінші, сегізінші, тоғызыншы, оныншы, он екінші, он үшінші, жиырма екінші және жиырма үшінші абзацтарын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

К.Мәсімов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Респубикалық құқықтық ақпарат орталығы" ШЖҚ РМК